



БҰЙРЫҚ

28.11.2024

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 1402

город Уральск

**«Мониторинг: Бақылау. Талдау. Нәтиже»
эксперименттік жобасының жұмысы туралы**

Білім басқармасының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №763 бұйрығына сәйкес мектептегі білім жағдайын тиімді бақылауды қамтамасыз ету, қызмет нәтижелерін аналитикалық негіздеу, мониторинг нәтижелері негізінде мұғалім мен оқушылардың қызметін түзету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025–2027 жылдары аралығында облыстың мектептерінде «Мониторинг: Бақылау. Талдау. Нәтиже» эксперименттік жобасы өз жұмысын жалғастырсын;
2. «Мониторинг: Бақылау. Талдау. Нәтиже» жобасына жауапты тізімде көрсетілген аудан координаторлары бекітілсін (Қосымша 1);
3. «Мониторинг: Бақылау. Талдау. Нәтиже» эксперименттік жобасына қатысқан 11 аудан мектептеріне тьюторлық қызметі жүктелсін (Қосымша 2);
4. Тьюторлық мектептерге ауыл мектептері қамқорлыққа бекітілсін (Қосымша 3);
5. «Мақсатты мектеп» құрамына кіруіне байланысты Тасқала ауданының С.Жаксығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жобадан шығарылсын;
6. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Л.Батырғалиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Е.Сафуллин

009024


Батыс Қазақстан облысының
білім басқармасының
2024 жылғы «28» қараша
№1402 бұйрығына

Жобаның төл құжаты

Жоба атауы	«Мониторинг: Бақылау. Талдау. Нәтиже»
Жобаны орындаушылар	Экспериментке алынған 11 ауданның білім беру ұйымдары
Жоба жетекшісі	Тажгулова Светлана Маратовна
Іске асыру мерзімі	қыркүйек 2025-мамыр 2027ж.
Жоба аннотациясы	Кез-келген күрделі, динамикалық нысанды басқару және оның өзгеруін болжау оның жай-күйі туралы ақпараттың үздіксіз ағымы және жүйенің тұрақтылығын немесе динамикасын қамтамасыз ететін процестер негізінде ғана мүмкін болады. Бұл үшін мектептегі білім беру және тәрбие процестерінің жай-күйін бақылаудың үздіксіз жүйесі ғана емес, сонымен қатар уақтылы қабылданған сауатты шешімге тікелей байланысты тиімді түзету жұмыстары қажет.
Мақсаты	Мектептегі білім жағдайын тиімді бақылауды қамтамасыз ету, қызмет нәтижелерін аналитикалық негіздеу, мониторинг нәтижелері негізінде мұғалім мен оқушылардың қызметін жақсарту.
Міндеттері	<ul style="list-style-type: none">- білім деңгейі, білім сапасы, орташа балл;- денсаулық, тәрбие, даму деңгейі бойынша ақпарат жинау;- деректер базасын құру;- алынған деректерді талдау,- талдау анықтамаларын жасау.
Мониторингтік зерттеулердің мәні	<ol style="list-style-type: none">1. денсаулық деңгейі;2. тәрбие деңгейі;3. оқыту сапасының деңгейі;4. оқу деңгейі;5. білім беруді жалғастыруға дайындық деңгейі;6. отбасындағы және қоғамдағы өмірге дайындық деңгейі;7. мектептің білім беру қызметтерімен қанағаттану деңгейі8. мұғалімнің кәсібилік деңгейі және оның білім беру қызметінің нәтижелілігі
Мониторинг алгоритмі	<ul style="list-style-type: none">✓ Бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау.✓ Мониторинг объектісін бағалау көрсеткіштерін өлшеу үшін индикаторларды (диагностикалық әдістемелерді) таңдау.✓ Ақпарат жинау жиілігін анықтау, оны жинау, сақтау, өңдеуге және талдауға жауаптыларды тағайындау.✓ және талдау және мониторинг субъектілеріне ұсыну үшін нәтижелерді Қажетті диагностикалық процедураларды жүргізу.✓ Тиісті басқарушылық шешімдер қабылдау үшін алынған ақпаратты уақтылы өңдеу рәсімдеу.✓ Білім беру сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау.
Мониторингтік зерттеулер объектісі	Педагогикалық мониторинг нысандары: басқару сапасы; педагогикалық кадрларды даярлау сапасы; білім беру мазмұнының сапасы, оның ішінде бейінді оқыту;
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none">1. Басқарушылық шешім қабылдау үшін ақпаратты жинау қалыптасады.2. Кешенді мониторинг жүйесі құрылады.3. Сапалы өлшеу құралдары (индикаторлар) жасалады.4. Іс-шаралар материалдары мониторинг саласында тәжірибе жинақталады.

Жоба жұмысының нәтижесі

Білім сапасын көтеру бағытында мониторинг нәтижелері бойынша соңғы үш жылдың талдау көрсеткішіне тоқталсақ:




Білім сапасының үш жылдық көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіш Қаратөбе ауданы Қ.Жұмалиев ат. МГ – 98%, Жаңақала ауданы Жаңақала МГ-75,5%, Бөкейорда ауданы М.Мәметова ат. ЖОББМ- 70,7%. Орта көрсеткіштен жоғары Казталов ауданы Ғ.Молдашев ат. ЖОББМ- 67%, Шыңғырлау ауданы Л.Қылышев ат. ЖОББМ-63%, Бәйтерек ауданы Абай ат. МГИ-62%, Ақжайық ауданы М.Әуезов ат. №2 ЖОББМ. Орта көрсеткіш Жәнібек ауданы Жәнібек №1 МЛ-59%, Теректі ауданы Подстепный ЖОББМ-57%, Сырым ауданы Ж.Досмухамедов ат. МББК-52%.

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Аудан	2021-2022				2022-2023				2023-2024			
	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер
Ақжайық	24	22	13	0	22	23	12	0	31	26	13	0
Бәйтерек	14	12	9	0	15	12	9	0	15	18	10	0
Бөкейорда	11	10	19	1	11	10	19	1	11	10	18	1
Бөрлі	34	36	24	0	35	37	28	0	46	36	30	1
Жаңақала	19	15	21	1	25	18	18	1	26	24	22	0
Жәнібек	19	12	12	0	22	16	10	0	22	15	11	0
Тасқала	18	10	7	2	16	36	7	2	13	30	10	2
Теректі	12	16	46	0	12	17	47	0	28	14	48	0
Қаратөбе	9	14	19	0	13	11	21	0	17	8	23	0
Казталов	14	26	9	0	16	26	9	0	20	23	9	0
Сырым	21	12	10	0	21	22	0	0	21	14	11	0
Шыңғырлау	21	36	17	4	21	35	15	4	23	32	17	2
БЛАРЫҒЫ	216	221	206	8	229	263	195	8	273	250	222	6
%	18	18,4	17,1	0,6	19	21,9	16,2	0,6	22,7	20,8	18,5	0,5

Педагог кадрлардың сапалық құрамы соңғы үш жылдың салыстырмалы көрсеткіштеріне сүйенсек, модераторлардың саны өткен жылмен саластырғанда 22,7 %-ға, сарапшыларды көрсеткіші 20,8%-ға, зерттеушілердің саны 18,5%-ға артқаны байқалды.

3 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ



Жоба аясында жалпы өткізілген ашық сабақтар саны - 42, таратылымға ұсынылған іс-тәжірбиелер саны - 38, жарияланымға ұсынылғандар саны – 42, халықаралық жариялымға ұсынылғандар саны – 14.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Аудан	2022			2023			2024		
	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Аудандық	Облыстық	Республикалық
Ақжайық	51	15	8	47	12	29	78	27	8
Бәйтерек	67	28	13	55	20	15	45	12	
Бөкейорда	79	37	83	83	50	94	111	29	73
Бөрлі	223	24	13	201	21	10	213	20	14
Жаңақала	116	38	4	136	43	5	152	68	8
Жәнібек	56	15	0	53	13	2	92	8	1
Тасқала	62	18	26	71	20	28	82	24	33
Теректі	82	38	16	68	35	22	71	42	18
Қаратөбе	83	44	5	124	55	13	135	58	14
Казталов	13	6	23	40	12	30	39	15	42
Сырым	79	19	82	99	36	91	32	7	4
Шыңғырлау	77	17	98	143	25	18	93	29	100
БАРЛЫҒЫ:	988	299	371	1120	342	357	1143	339	315
%	82,3	24,9	30,9	93,3	28,5	29,7	95,2	28,2	28,6

Шыңғырлау
Бөкейорда



Казталов
Тасқала



Бөрлі
Қаратөбе




Жобаға қатысатын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жетістіктер көрсеткішіне тоқталсақ, аудан бойынша жетістіктер - 95,2%, облыстық жетістіктер – 28,2%, Республикалық жетістіктер - 28,6%. Мектеп бойынша ретинг көрсеткіші 1-орында Шыңғырлау, Бөкейорда аудандары, 2-орында Казталов, Тасқала аудандары, 3-орында Бөрлі ауданы, Қаратөбе аудандары жоғары нәтиже көрсетті.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Аудан	2022			2023			2024		
	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Аудандық	Облыстық	Республикалық
Ақжайық	21	12	2	15	3	6	59	9	16
Бәйтерек	6	1		5		1	1	7	
Бөкейорда	11	7	23	20	11	10	18	13	11
Бөрлі	44	15	3	45	20	5	45	16	1
Жаңақала	14	11	2	9	12	2	16	10	1
Жәнібек	11	26	10	10	2	5	18	1	
Тасқала	6	7	0	5	4	0	7	5	0
Теректі	8	3		13	2		15	6	1
Қаратөбе	5	6	26	9	10	15	12	21	8
Казталов	15	11	32	52	21	43	46	21	51
Сырым	18	3	1	21	4	2	3	4	0
Шыңғырлау	9	1	1	15	3	6	59	9	16
БАРЛЫҒЫ	168	103	100	219	92	95	299	122	105
	14	8,6	10	18,2	8,3	8,6	24,9	10,1	10,5

Педагог кадрлардың жетістік көрсеткіштері аудан бойынша 24,9%, облыс бойынша 10,1%, Республика бойынша – 10,5% артқаны байқалды.

ПӘНДІК КӨРСЕТКІШ




Зерттеу пәндерінің көрсеткіші бойынша Бөкейорда ауданы, Жәнібек ауданы, Тасқала ауданы, Қаратөбе ауданы, Шыңғырлау ауданының артқаны байқалды.

СЫНЫПТАР БОЙЫНША КӨРСЕТКІШ



Теректі ауданы



Зерттеуге алынған сынып көрсеткіштерінің динамикасы Теректі ауданына тоқталып отырмыз 2021-2022 оқу жылында 8б сынып - 20%, 2022-2023 оқу жылында - 61%, 2023-2024 оқу жылында 9б сынып - 45%, 9б сыныпта төмен болудың себебі қалаға жеке мектептерге кетуіне байланысты болып отыр.

Эксперименттік жобаға қатысып отырған 11 мектептің көрсеткіштеріне тоқталып отырмыз, көрсетіліп отырған мектептердің білім сапасы, зерттеуге алынған сыныптардың, пәндердің көрсеткіштері өсіп отыр. Республикалық, облыстық, аудандық шығармашылық конкурстар мен олимпиада жүлдегерлерінің саны артты. Педагог кадрлардың кәсіби даму рейтингісі өсті.